

ЗАМАНАУИ МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚҰРЫЛҒЫЛАРДЫҢ АДАМ АҒЗАСЫНА ТИГІЗЕТІН ПАЙДАСЫ МЕН ЗИЯНЫ

Баяндамашылар: Кабдешова Жайнара БЛ – 102

Жасұланова Данеля БЛ – 402

Зерттеу мақсаты: Әрбір оқушының жас ерекшелігіне, қабілетіне қарай дарындылығын әр түрлі әдістермен айқындау және дамыту, оның ішінде ғылыми іздеу қызметімен ұштастыру.

Зерттеу міндеттері:

- Оқушы дарындылығын әлеуметтік қажеттілігіне сай ғылыми негізінде дамыту шарттарын анықтау.
- Ғылымның әр саласынан дарынды балаларды таңдап алу және олардың шығармашылық қабілеттерін жетілдіру.
- Оқушылардың өздігінен білімдерін көтеруге, жетілдіруге белсенді әрекет жасау.
- Оқушының өз бетінше білім – дағдыларын жетілдіру барысында оқытушының ерінбей - жалықпай үлкен ізденіспен жұмыс жасауы.
- Оқушылардың ғылыми – шығармашылық жұмыспен шұғылданыуы, оқушылардың оқу үрдісін жетілдіруде және мамандық таңдауда да көмегін тигізуі.

Зерттеу әдістері:

Зертеуде баяндау, жинақтау, саралау, әдеби- ғылыми талдау әдістері басшылыққа алынды.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында мемлекеттік саясат негізінде ең алғашқы рет «Әр баланың жеке қабілетіне қарай интеллектуалдық дамуы, жеке адамның дарындылығын дамыту» сияқты өзекті мәселелер енгізіп отырғаны белгілі. Өйткені ғылым мен техниканы, өндірісті қазіргідей әлемдік деңгейде дамыту үшін елімізге шығармашылықпен жұмыс жасайтын білімді, жоғары дайындығы бар білікті мамандар қажет. Ал ондай мамандар дарынды балалардың ішінен шығады.

Жаңа жедел медициналық жәрдем ауруханасы ашылды Семейде 28 декабря 2013, Семейде жедел медициналық жәрдем ауруханасының жаңа ғимараты қолданысқа берілді. Айтулы шараға облыс әкімі Бердібек Сапарбаев пен Астанада арнайы келген еліміздің Денсаулық сақтау вице-министрі Ерік Байжүнісов қатысты. Зәулім әрі кең жаңа аурухана ғимаратында сегіз стационарлық бөлімше мен медициналық университеттің алты кафедрасы орналасқан. Аурухана директоры Қайнолла Мусиннің айтуынша, жаңа емдеу мекемесінің сыйымдылығы – 325 орын. – Жаңа аурухананың құрылысы «100 мектеп, 100 аурухана» мемлекеттік бағдарламасына енгізілген болатын. Жалпы, біздің қалада соңғы 40 жылда мұндай медициналық мекеме салынбағанын ескерсек, бүгін ерекше тарихи оқиғаның куәсі болып отырмыз деп айтуға әбден болады, – деді аурухана басшысы. Жаңа аурухананың құрылысына республикалық бюджеттен 10,4 миллиард теңге бөлінгенін айта кеткен жөн. Бұл қаражаттың қомақты бөлігі, дәлірек айтсақ, 3,3 млрд. теңгесі заманауи медициналық құрал-жабдықтар алуға жұмсалған. Олардың ішінде гемодиализге арналған «жасанды бауыр» аппараты, функционалды модульдерімен қамтылған орталықтандырылған мониторинг стансасы, асқынған диализ жүйесі сияқты жаңа құрал-жабдықтар бар. – Семей қаласында ашылып отырған жаңа аурухана барлық заманауи стандарттарға сай салынған екен. Ал құрал-жабдықтармен қамтылуы жағынан аталмыш орталықты әлемдегі ең үздік медициналық мекемелердің қатарына қосуға әбден болады. Мамандардың біліктілігі де жоғары деңгейде екенін көрдім. Енді бірер жылдан кейін аурухананың клиникалық орталығы республикадағы маңдайалды орталыққа айналатынына күмәнім жоқ. Осындай алып ғимаратты бар-жоғы екі жылдың ішінде салып бітірген мердігер компания мен құрылыс жұмыстарына бас-көз болып келген облыс әкімі Бердібек Сапарбаевқа алғыс айтқым келеді, – деді салтанатты рәсімде сөз алған еліміздің

Денсаулық сақтау вице-министрі Ерік Байжүнісов. Ал облыс басшысы Семейде мұндай медициналық мекемелер бұдан былай да салына беретінін жеткізді. – Шаһарда болашақта 240 орындық балалар ауруханасы мен медицина саласының қызметкерлеріне арналған тұрғын үй кешені бой көтеретін болады. Оған қазіргі уақытта құрылысы қарқынды жүргізіліп келетін туберкулезге қарсы балалар ауруханасы мен онкологиялық диспансердің қасынан салынып жатқан, құны 13 млрд. теңгені құрайтын радиологиялық орталықты қоссақ, Семейде болашақта еліміздегі ең қуатты медициналық кластер құруға болатынын аңғаруға болады. Сондықтан қаладағы денсаулық сақтау нысандарының құрылысын жіті бақылауымызда ұстаймыз, – деді аймақ басшысы жаңа аурухананың ашылу салтанатында. Бұдан кейін аймақ басшысы Бердібек Сапарбаев пен Денсаулық сақтау вице-министрі Ерік Байжүнісов қаладағы құрылысының негізгі бөлігі аяқталып қалған туберкулезге қарсы балалар ауруханасының басында болып, нысандағы жұмыс барысымен танысып қайтты. Артынша осы күні пайдалануға берілген №6 жекеменшік емхананың тұсаукесер рәсіміне қатысты.

Семей қаласындағы денсаулық сақтау 2017 жылдың 1сәуіріне

Қала тұрғындарына медициналық көмекті тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі шеңберінде 62 медициналық ұйым (25 жекеменшік) көрсетеді: оның ішінде 20 стационар (6 жекеменшік), 32 амбулаториялық-емханалық (18 жекеменшік).

Бүгінгі таңда қаланың медициналық мекемелерінде 1,5 мыңнан астам дәрігерлер мен 3 мыңнан астам орта медициналық қызметкерлер жұмыс атқарады.

Сапалы кәсіби медициналық білім алуды жалғастыру мақсатында біліктілікті жетілдіру ісі Қазақстан Республикасының Медициналық орталықтарында, сонымен қатар шетелде – Оңтүстік Корея, Израиль, Германия, Ресей, Франция, Латвия, Туркия, Польшада жүргізіледі.

Біліктілік санаты бар медициналық қызметкерлердің салмақтық үлесі 73%-ды құрайды.

Жыл сайын денсаулық сақтау саласына бөлінетін қаржы өсіп келеді.

Денсаулық сақтау саласының бюджеті: 2013ж. – 16,2млрд., 2014ж. – 18,7 млрд., 2015ж. – 16,9 млрд., 2016ж. – 19,8 млрд., 2017ж. - 14,6 млрд.

Амбулаториялық деңгейде 26 мыңнан астам науқасты 42 кең тараған, соның ішінде сирек кездесетін және ауыр аурулардан емдеуге тегін дәрілік көмек қарастырылған. Биылғы жылы 801 млн. теңгеден жоғары қаражат бөлінген.

Қалада жекеменшік және мемлекеттік – жекеменшіктік серіктестік түріндегі медициналық ұйымдардың қызмет етуіне бәсекеге қабілетті жағдай жасалуда.

Медициналық ұйымдардың жабдықталуы 83%-ға артты.

«Бес институционалдық реформаның орындалуының 100 нақты қадамы» Ұлттық Жоспарына сәйкес медициналық ұйымдарда менеджмент пен корпоративті басқару жүйесі дамып келеді. Мемлекеттік медициналық ұйымдардың дербестігін ұлғайту бақылау кеңесте рі бар шаруашылық жүргізу құқығындағы ұйымдарға ауыстыру арқылы жүзеге асырылуда. Семей қаласы бойынша 16 медициналық ұйым шаруашылық жүргізу құқығына ауыстырылды, 10 бақылау кеңесі құрылды.

Мемлекет Басшысының 2016 жылғы 15 қаңтарындағы №176 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласының 2016-2020ж. арналған «Денсаулық» жаңа мемлекеттік бағдарламасы басталды. Ол алдыңғы бағдарламалардың логикалық жалғасы болып табылады және денсаулық сақтау саласын жақсартуды тереңдетуге бағытталған.

Тұрғындардың әлеуметтік жағдайының жақсаруы және денсаулық сақтау саласында жаңа иновациялық технологиялардың енгізілуі арқасында бала өлімі төмендеді, ана өлімі тіркелген жоқ, қан айналымы аурулары және онкологиялық аурулардан өлім төмендеді, туберкулез және онкологиялық аурулармен ауру көрсеткіші төмендеді. Аталғандардың барлығы демографиялық жағдайдың және өмір сүру ұзақтығының жақсаруына ықпал етті.

№	Көрсеткіш атауы	2016 жыл	2016 жыл 3 ай	2017 жыл 3 ай
1	Бала өлімі	9,4	8,2	8,1
2	Ана өлімі	0	0	0
3	Туберкулезбен ауру	59,5	15,4	13,8
4	Онкологиялық аурулармен ауру	288,2	65,9	67,4
5	Онкологиялық аурулардан өлім	134,2	62,6	64,1

Аталған бағдарлама аясында алғашқы медициналық көмекті, кардиологиялық және онкологиялық қызметті жақсарту жұмыстары, инновациялық технологияларды енгізу жұмыстары қарқынды жүргізіліп жатыр.

Емдеу мен зерттеуге жаңа технологияларды енгізу жалғасуда. Семей қаласының Өңірлік Онкологиялық Диспансерін заманауи жоғары технологиялық медициналық құрылғыларымен жабдықтау арқасында (компьютерлі томограф, магнитті-резонансты томограф, сызықтық үдеткіш, эндовидеоскоптық құрылғы, обырды химиоэмболизациялау әдісі) онкологиялық аурулармен ауру мен өлім көрсеткішін төмендетуге ықпал етті.

МАҚСАТТАР:

- Денсаулық көрсеткіштеріне жоспарлы түрде жету үшін тұрғындардың денсаулығын жақсарту.

- Денсаулық көрсеткіштерін орындау: онкологиялық аурулардан өлімді азайту, туберкулез ауруынан өлімді азайту, қан айналымы ауруларынан болатын өлімді азайту, бала өлімін азайту.

- Интеграцияланған денсаулық сақтау жүйесі негізінде тұрғындардың барлығына сапалы медициналық көмекті қол жетімді ету.

Дереккөздер:

1. О.Д.Дайырбеков, Б.Е.Алтынбеков, Б.К.Торғауытов, У.И.Кенесариев, Т.С.Хайдарова Аурудың алдын алу және сақтандыру бойынша орысша-қазақша терминологиялық сөздік. Шымкент. “Ғасыр-Ш”, 2005 жыл.
2. Қазақ энциклопедиясы.